

**"Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 61 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы N 5 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қаңтарда N 3665 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 03 шілдедегі N 166 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 03.07.2015 N 166 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16 - бабының 3 - тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу жөніндегі қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 14 тамыздағы № 249 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 133 ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 9432) бұйрығына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 61 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 3278, 2014 жылғы 19 мамырдағы № 55 (16992) "Дидар" және 2014 жылғы 20 мамырдағы № 56 (19503) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы - спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін

қызмет регламентінде:

1 тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық) арқылы жүзеге асырылады.";

8 тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау осы Регламентке 1 қосымшаға сәйкес, әрбір рәсімді (іс-қимылды) өту блок - схемасында көрсетілген .";

мынадай мазмұндағы 11 тармақпен толықтырылсын:

"11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс - қимылдар) реттілігінің, қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс - қимылдарының толық сипаттамасы, сонымен қатар орталықпен өзара іс - қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламентке 2 қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы "электрондық үкімет" веб-порталында, қызмет берушінің интернет - ресурсында орналастырылады.";

қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы - спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1 қосымша"

;

осы қаулыға 1 қосымшаға сәйкес 2 қосымшамен толықтырылсын;

аталған қаулымен бекітілген "Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтар мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1 тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық) арқылы жүзеге асырылады.";

8 тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау осы Регламентке 1 қосымшаға сәйкес, әрбір рәсімді (іс-қимылды) өту блок - схемасында көрсетілген .";

мынадай мазмұндағы 11 тармақпен толықтырылсын:

"11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс - қимылдар) реттілігінің, қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс - қимылдарының толық сипаттамасы, сонымен қатар ХҚО - мен өзара іс - қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламентке 2 қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы "электрондық үкімет" веб-порталында, қызмет берушінің интернет - ресурсында орналастырылады.";

қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы - спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтар мен санаттарын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1 қосымша";

осы қаулыға 2 қосымшаға сәйкес 2 қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.


*Облыс әкімі*

*Д. Ахметов*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "16" қаңтардағы  
№ 5 қаулысына 1 қосымша  
"Спорт шеберіне кандидат, бірінші  
спорттық разряд, біліктілігі жоғары  
және орта деңгейдегі бірінші санатты  
жаттықтырушы, біліктілігі жоғары  
деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-  
спортшы, біліктілігі жоғары және  
орта деңгейдегі бірінші санатты  
әдіскер, бірінші санатты спорт  
төрешісі спорттық разрядтары мен  
санаттарын беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет регламентіне  
2 қосымша




«Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жағтықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру»  
 мемлекеттік қызметін көрсетудің бизнес - процестерінің анықтамалығы



Көрсетілетін  
қызметті алушы

Көрсетілетін  
қызметке  
сұрау салу



Шартты белгілер:



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс - қимылының) және (немесе) құрылымдық - функционалдық бірліктің атауы




- келесі рәсімге (іс - қимылға) өту

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "16" қаңтардағы  
№ 5 қаулысына 2 қосымша  
"Екінші және үшінші разрядтар,  
бірінші, екінші және үшінші  
жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі  
жоғары және орта деңгейдегі екінші  
санатты жаттықтырушы, біліктілігі  
жоғары деңгейдегі екінші санатты  
нұсқаушы-спортшы, біліктілігі  
жоғары және орта деңгейдегі екінші  
санатты әдіскер, спорт төрешісі  
спорттық разрядтар мен санаттарын  
беру" мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет регламентіне 2 қосымша




«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жағатықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтар мен санаттарын беру»

мемлекеттік қызметін көрсетудің бизнес - процестерінің анықтамалығы



Көрсетілетін  
қызметті алушы

Көрсетілетін  
қызметке  
сұрау салу



## Шартты белгілер:



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс - қимылының) және (немесе) құрылымдық - функционалдық бірліктің атауы



- келесі рәсімге (іс - қимылға) өту